ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10- қаңтар Іс №1513-23-00-2/2851 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.М.Утепбергенова,
сот отырысының хатшысы Х.К.Уразова отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Асылгали Акентаевич Туреахметов («Туреахметов»)

ТАЛАПТЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАБЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі-С.И.Далабаев
Жауапкер –А.А.Туреахметов
Үшінші тұлға өкілі- К.У.Абетова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 7 қыркүйегінде №217/1 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№ 864
«06» 03 2024 ж.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 18 185 теңге 2023 жылдың 27 қыркүйекте енгізілген.

Шарт бойынша №1,2 қосымшаларға сәйкес жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жалпы сомасы 606 183 теңгеге циркуляциялық сорғыларды жеткізуге міндеттенген.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2023 жылдың 28 қыркүйгіне дейін болып табылады.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 7880 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талапты қуаттап, жауапкер міндеттемелерін орындамағандықтан оқушылар жылусыз қалғанын, бөлінген қаражат бюджетке қайтарылып, қайтадан мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға мәжбүр болғанын жауапкерді жосықсыз деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сот отырысында міндеттелемерді орындамау себебін, тауардың нарықтық құны жоғары болғанын, бұл туралы тапсырыс берушіге жеткізгенін, алайда жауапсыз қалғандықтан шарттық міндеттемелерін орындауға бөлінген соманың жеткіліксіз екенін көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға сот отырысында жауапкер міндеттемелерін орындамау себептері орынсыз екенін, портал екінші жеңімпазға қол қойылған жобаны келісімге жіберетінін, өнім беруші шартқа қол қоюды қаламаса, оны мәжбүрлеуге жатпайтындығын мәлімдеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процесстік Кодекстің (бұдан әрі-АПК) 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Жусупов А. М., 01.03.2024

1513-23-3-1/3251

туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін орындамаған.

Орындамау себебін жауапкер, бұл сатып алу бойынша екінші жеңімпаз болғанын, портал қол қойылған шартты жасақтауға мәжбүр еткенін, шартты орындауды қамтамасыз ету сомасын жосықсыздардың қатарына кірмеу үшін енгізгенін, алайда шартты бұзуға ниет білдіргенін, тауар лотты басты кезде ойнатқанда болғанын, кейін құны өскендіктен орындаудан бас тартқанын көрсетті.

Алайда, сот бұл уәждерді дәрменсіз деп төмендегі себептермен санайды.

Заңның 2-бабының 22) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт – осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған азаматтық-құқықтық шарт.

Бұл ретте, Заңның 43-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жобалары уәкілетті орган бекітетін тауарларды мемлекеттік сатып алу, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарға сәйкес жасалады.

Бұл ретте Заңның 43-бабының 2-тармағында, Тапсырыс беруші жеңімпазға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын: 1) конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде; 2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы айқындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

Өнім берушіні таңдау рәсімі, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары шеңберінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындысына шағым жасау рәсімі тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 16.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Жусупов А. М., 01.03.2024

Сонымен қатар, Заңның 43-бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы қоса берілген хабарлама мемлекеттік сатып алу веб- порталына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландыруға тиіс.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі – Қағидалар) 486-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші веб- порталда тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және өнім берушінің деректемелерін толтырады және растайды.

Әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоятын тұлға және оның деректемелері туралы мәліметтерді растауы болмаған жағдайда, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің веб-порталда орналастырылған тіркеу деректеріне сәйкес шартқа қол қояды.

Қағидалардың 487-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші осы Қағидалардың 486-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасы тапсырыс беруші мен өнім берушімен келісіледі және веб-порталда электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

Осылайша, келісу сатысында өнім берушіге үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген өнім берушінің деректерін (банк деректемелері, заңды мекенжайы, қол қою құқығы бар басшының аты-жөні, телефон нөмірі) келісу немесе түзету мүмкіндігі беріледі.).

Бұл ретте, өнім беруші үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасының мақұлданғанын растамаған жағдайда, өнім берушінің жеке кабинетіндегі көрсетілген деректеріне сәйкес веб-портал арқылы автоматты түрде расталады.

Болашақта тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы келісілген шарт жобасын қалыптастыру және оған қол қою, содан кейін оны өнім берушіге қол қоюға жіберу әрекетіне қол жеткізе алады.

Сонымен қатар, Заңның 24 б. 1т. сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім білдіру түрі, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен осы Заңның 6-бабында белгіленген шектеулерге

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 16.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Жусупов А. М., 01.03.2024

сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісім білдіру түрі болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес (әрі қарай–АПК) сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 2023 жылғы 29 қыркүйектен 11 қазан аралығында (606183 теңге х 0,1% х 13 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін 7880 теңгені сот дұрыс деп санайды.

Сот өндірісі
Жол берілмейтін

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 16.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Жусупов А. М., 01.03.2024

1513-23-3-1/3251

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 109,117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Асылгали Акентаевич Туреахметов («Туреахметов») жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын,

Асылгали Акентаевич Туреахметов («Туреахметов») жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 7880 (жеті мың сегіз жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Асылгали Акентаевич Туреахметов («Туреахметов») жеке кәсіпкерінен жергілікті бюджет пайдасына 1961 (бір мың тоғыз жүз алпыс бір) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.М.Утепбергенова**

Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Утепбергенова С. М., 16.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Жусупов А. М., 01.03.2024

1513-23-3-1/3251